

**6D010900-«Математика» мамандығы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Дуйсеева Гулфариза
Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны
қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған
диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің**

ШКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

Білім беру жүйесін дамытуда Елбасы Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы мен Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бағдарламасында айқындап берген 76-қадамда «Адам капиталының сапасын көтеру, оқыту стандарттарын жаңарту» -деп нақты тапсырмалар міндеттеп отыр.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында негізгі он міндетті көрсетті. Оның жетінші міндетінде «Білім берудің барлық деңгейінде математика және жаратылыстану ғылымдарын оқыту сапасын күшейту керек. Бұл – жастарды жаңа технологиялық қалыпқа дайындаудың маңызды шарты», - деп білім беруде жаңа сапаға көшуді көздейді. Сондай-ақ, оқытудың мазмұндылығы заманауи техникалық тұрғыдан қолдау көрсету арқылы үйлесімді түрде толықтырылуға тиіс екендігі және цифрлық білім беру ресурстарын дамыту, кең жолақты Интернетке қосу және мектептерімізді видео құралдармен жабдықтау жұмыстарын жалғастыру қажеттілігі жайлы да міндеттеме айтылған.

Қазіргі таңда аталған міндеттерді орындау мақсатында білім беру жүйесінде жаңартылған мазмұнға көшу басты басымдыққа ие болып, 2016 жылдан бастап орта білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру бағдарламасы енгізілді.

Қазіргі заманғы педагогтан өз пәнінің терең білгірі болумен қатар, теориялық-әдіснамалық, нормативтік-құқықтық, психологиялық-педагогикалық, дидактикалық, әдістемелік тұрғыдан ақпараттық сауатты және АКТ құралдарының мүмкіндіктерін жан-жақты игерген ақпараттық-коммуникациялық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етіп отырғандықтан диссертациялық жұмыс математиканы оқыту әдістемесі ғылымындағы маңызды мәселелердің бірі болып саналатын мұғалімнің мобильді технологияны қолдануы мен оны пайдалануын жетілдіру мәселесіне бағытталған. Ізденуші Г.О.Дуйсеева зерттеу жұмысында мектеп математикасында мобильді технологияны тиімді пайдалану үшін оның әдістемелік жүйесін жасаған. Зерттеу барысында ізденуші білім беру жүйесін ақпараттандыру жағдайында математиканы және информатиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі саласындағы еңбектерге, компьютерлік оқыту мәселесіне, мобильді оқытудың теориялық және практикалық мәселелеріне талдаулар жасаған және өзіндік көзқарасын да білдірген.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, оқушының қабілетін, талантын дамыту білім беру ұйымдарының басты міндеті болып отыр. Мұғалімнің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру болып табылады.

Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуда.

Сондықтан, ізденуші Г.О.Дуйсееваның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы қазіргі қоғамның талабына сәйкес мектеп математикасын оқытудағы өзекті мәселеге арналған.

Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері

Зерттеу барысында ізденуші келесі нәтижелерге қол жеткізген:

1. Философиялық, психологиялық, педагогикалық, әдістемелік зерттеулерді талдау арқылы болашақта математиканы оқыту әдістемесін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, мобильді технологияны пайдалану арқылы жетілдірудің теориялық мәселелері айқындалып, қоғамды ақпараттандыруды дамытудың жаңа айналымын сипаттайтын оқытудың жаңа формасы –Мобильді оқыту теориялық тұрғыдан негізделген;

2. Білім беру мақсаттарына сәйкес мобильді құралдарды қолданудың бірнеше бағыттары анықталып, мобильді технологияны пайдаланудың әлеуеттік мүмкіндіктері анықталған;

3. Мобильді технологияны қолданудың әлеуеттік мүмкіндіктерін негізге ала отырып, математиканы мобильді технологияны қолданып оқытудың педагогикалық шарттары анықталған.

4. Оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың қажеттілігі айқындалып, оқытудың әдістемелік жүйесі ұсынылған;

5. Мектеп математикасын оқытуда мобильді технологияны қолданудың әдістемелік жүйесінің тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде тексеріліп, оқу процесіне ендірілген.

Ізденушінің диссертациясында тұжырымдаған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі –ізденуші мектеп математикасын оқыту әдістемесін мобильді технологияны қолдану арқылы жетілдірудің теориялық негіздерін зерделеуде нормативті құжаттарға, ғылыми еңбектерге сараптау, талдау жасау арқылы негіздеуімен, жеке ойын тұжырымдап, теориялық тұжырымдай білуінен, қорытынды жасауымен сипатталады.

Екінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – қоғамды ақпараттандыруды дамытуда оқытудың жаңа формасы - Мобильді оқытуды

теориялық тұрғыдан негіздеп, оқытуда мобильді технологияны қолданудың қазіргі жағдайына талдау жасауы, оны пайдаланудың әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтауы және математиканы мобильді технологияны қолданып оқытудың педагогикалық шарттарын анықтауымен сипатталады.

Үшінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі—зерттеу жұмысының мазмұнын ашуда ізденуші Қазақстан Республикасының ресми құжаттарына, Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, математика, педагогика, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы ғылыми еңбектер мен озат тәжірибелерге, интернет қорындағы ғылыми ақпараттарға талдау жасаған және оны зерттеу жұмысына пайдаланған. Диссертацияда оқушыларға арналған «Математикадан мобильді компьютерлік құралдарды қолдану» атты факультативтік курсы жасалған және «Мобильді алгебра» мобильді қосымшасы даярланып, авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алған.

Төртінші нәтиженің негізделуі және шынайылық дәрежесі – мектеп математикасын оқытуда мобильді технологияны қолданудың әдістемелік жүйесін оқу үдерісіне енгізіп, педагогикалық эксперимент нәтижелерін талдап, оның оқушылардың қолданбалы білімдері, практикалық икемділіктері мен дағдылары және функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруға ықпал етіп, білім сапасын көтеруге мүмкіндік бергені анықталғандықтан, зерттеу жұмысының нәтижесінде жасалған әдістемелік жүйе тиімді екендігі эксперимент жұмыстары арқылы тексеріліп, нәтижелеріне талдау жасалған. Зерттеу жұмысының нәтижелері оқу үдерісіне ендірілуі оның шынайылық дәрежесін анықтап береді.

Зерттеу жұмысы барысында PhD-докторанты Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның алған нәтижелері мен тұжырымдарының негізділігі мен шынайылығы зерттеудің негізгі нәтижелерінің іс-жүзінде дәлелденуімен қамтамасыздандырылады.

Диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтиженің (қағиданың) және қорытындылардың жаңалық дәрежесі.

Бірінші нәтиженің жаңалық дәрежесі – мобильді оқыту – қоғамды ақпараттандыруды дамытудың жаңа айналымын сипаттайтын оқытудың жаңа формасы екені теориялық тұрғыдан негізделген.

Екінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - оқытуда мобильді технологияны қолданудың қазіргі жағдайына талдау жасалынып, оны пайдаланудың әлеуеттік мүмкіндіктері қарастырылып, математиканы мобильді технологияны қолданып оқытудың педагогикалық шарттары анықталған.

Үшінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың қажеттілігі айқындалып, оқытудың әдістемелік жүйесі ұсынылған.

Төртінші нәтиженің жаңалық дәрежесі - мектеп математикасын оқытуда мобильді технологияны қолданудың әдістемелік жүйесіне педагогикалық эксперимент жүргізіліп, оның тиімділігі анықталғандығы зерттеу нәтижелерін қорғауға ұсынылатын қағидалардың дұрыстығын растайды.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің теориялық және практикалық маңыздылығы.

Ізденушінің зерттеу жұмысында ғылым мен техниканың дамуына сәйкес оқушылардың қолданбалы білімдері мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасуын қамтамасыз ететін және математикалық есептерді шешуге қызығушылығын арттыруға және ақыл-ойын дамытуға мүмкіндік жасайтын мектеп математикасында мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемелік жүйесі жасалған.

Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының болашақ математика мұғалімін дайындайтын факультеттері мен бөлімдерінде, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру мақсатында қайта даярлау институттарында қолдануға болады. Анықталған теориялық қағидаларды мобильді технологияны басқа пәндерде қолдануға жүргізілетін зерттеулерде негізге алуға болады.

Докторант Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның зерттеу жұмысының нәтижелері, қорытындылары мен ұсыныстары халықаралық, республикалық, шетелдік ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалып, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жариялаған. «Мобильді алгебра» мобильді қосымшасы авторлық құқық объектісіне құқықтарды мемлекеттік тіркеуден өткен.

Диссертация бойынша кемшіліктер мен ұсыныстар

PhD-докторант Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның диссертациялық жұмысына сын-ескертпелер:

1. Диссертациялық жұмыста зерттеудің 4-міндеті «Мектеп математикасын оқытуда мобильді технологияны қолданудың әдістемелік жүйесін жасау» деп аталғанымен, жұмыста тек функция тарауы қарастырылған.

2. Педагогикалық эксперимент барысында жүргізілген бақылау жұмыстарының есептерін диссертациялық жұмыстың мазмұнына енгізгенде жұмыстың құндылығы артар еді.

3. Диссертация мазмұнында стильдік қателер кездеседі.

Алайда, бұл көрсетілген сын-ескертпелер диссертацияның жалпы ғылыми құндылығын төмендетпейді.

Диссертацияның «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына сәйкестігі

6D010900-Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Дуйсеева Гулфариза Омархановнаның «Мектеп математикасын мобильді технологияны қолданып оқытудың әдістемесі» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысының

ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы дәйекті, жан-жақты зерттелген, аяқталған жұмыс, оның авторы 6D010900-Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

«Өрлеу» БАҰО» АҚФ
Түркістан облысы және
Шымкент қаласы бойынша
ПҚБА институтының директоры,
п.ғ.д., профессор



Искакова Л.Т.